


ONTÜSTİK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»	ТҮПНҮСҚА
"ОҚМА" АҚ жанындағы медицина колледжінің «Стоматологиялық пәндер» кафедрасы	Силлабус	041-781 16 беттің 16-сі	


**Медициналық колледжі
«Оңтүстік Қазақстан медициналық академиясы» АҚ**

Силлабус

**Пән: «Балалар стоматологиясы»
Мамандығы: 0304000– «Стоматология»
Біліктілігі: 0304023– «Дантист»**

**Курс: 4
Семестр: 7
Оқыту түрі: күндізгі
Барлық сағаттардың/кредиттердің жалпы еңбек сыйымдылығы KZ: 96/4
Аудитория: 48
Симуляция: 82**

Шымкент қ., 2023

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИСІНА АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 2009	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
"ОҚМА" АҚ жанындағы медицина колледжінің «Стоматологиялық пәндер» кафедрасы Силлабус		044-78/ 16 беттің 2беті

«Балалар стоматологиясы» пәні бойынша силлабус құрастырған оқытушы
Сейтагзамова Г.Н.

0304000– «Стоматология» мамандығы, 0304023 «Дантист» біліктілігі бойынша оқу жоспары мен ұсыныстары негізінде.

«Стоматологиялық пәндер» кафедрасы отырысында қаралды және ұсынылды
 Хаттама № 2 «1» 09 20 23 ж.,

Кафедра менгерушісі И.О.Темир

ПЦК отырысында қаралды.

Хаттама № 1 «04.09» 20 23 ж.,

ПЦК төрайымы И.О.Темир

Әдістемелік кеңестің отырысында қаралды.

Хаттама № 1 «5» 09 20 23 ж.,

Әдістемелік кеңестің төрайымы Г.О.Мамбеталиева

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
"ОҚМА" АҚ жанындағы медицина колледжінің «Стоматологиялық пәндер» кафедрасы		044-78/ 16 бетіңіз 3беті
Силлабус		

Оқытушылар туралы мәліметтер

№	Т.А.Ә.	Ғылыми дәрежесі	Дәрежесі	Оқитын курс	Электронды мекен-жайы
1	Темир И.О.		Кафедра меңгерушісі	«Алынбайтын протездер жасау негіздері» колледжінің пәндері	stom_kolledj-2022@mail.ru
2	Алтыбаев Н.А.		оқытушы	«Алынбайтын протездер жасау негіздері» колледжінің пәндері	stom_kolledj-2022@mail.ru
3	Сейтагзамова Г.Н		оқытушы	«Алынбайтын протездер жасау негіздері» колледжінің пәндері	Gulziya.seytagzamova@inbox.ru
4	Мырзабай Ә.Ә.		оқытушы	«Алынбайтын протездер жасау негіздері» колледжінің пәндері	stom_kolledj-2022@mail.ru

3.1. Кіріспе

Балалар стоматологиясы - күрделі және көпсалалы мамандық. Оған балалар терапиялық стоматологиясы, жақ-бет аймағы хирургиясының барлық түрлері, нәрестелер мен жас сәбилердің күрделі хирургиясы, ортодонтия және протездеу, сондай-ақ стоматологиялық аурулардың алдын алу кіреді.

3.2. Пәннің/модуль саясаты:

студент талаптарды орындауы керек:

- ✓ Сабаққа қатысу міндетті;
- ✓ Сабақтар мен дәрістерге тек ақ халаттыларда рұқсат беру;
- ✓ Сабаққа кешікпеңіз;
- ✓ Себепсіз сабақтарды өткізіп алмаңыз;
- ✓ Оқытушы тағайындаған белгілі бір уақытта өткізіп алған сабақтарды пысықтау;
- ✓ Оқу процесіне белсенді қатысу.

3.3. Пәннің/модуль мақсаты:

- алынбайтын протездер жасау үшін материалдармен жұмыс істеу принциптері мен техникасын білу.

3.4. Пәннің/модуль міндеттері:

- стоматологиялық зертханада жұмыс орындарын ұйымдастыру;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
"ОҚМА" АҚ жанындағы медицина колледжінің «Стоматологиялық пәндер» кафедрасы		044-78/ 16 беттің 4беті
Силлабус		

- сақтық шаралары;
- ортопедиялық стоматологияда қолданылатын материалдар;
- пластмассалар мен балауыздардың физикалық-механикалық қасиеттері, қолданылуы.

3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

- алынбайтын протездерді жасауда практикалық дағдыларды алу;
- сақтық шаралары;
- ортопедиялық стоматологияда қолданылатын материалдар;
- пластмассалар мен балауыздардың физикалық-механикалық қасиеттері, қолданылуы.

3.6. Пререквизиттер: Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы курсы бар тіс техникалық материалтану

3.7. Постреквизиттер: Терапиялық стоматология. Хирургиялық стоматология және жақ бет аймағының жарақаттары.

3.8. Пәннің қысқаша мазмұны:

Балалар жасындағы стоматология – стоматологияның ең жас тарауы және ғылым ретінде бірден пайда болған жоқ. Оның дамуына және жетілуіне ежелгі елдердің дәрігерлерінің мұраларын оқып қарауы себеп болды. Тістің жарып шығуы туралы қызықты берілулерді Гиппократ (б.э. дейін 460-372 ж) шығармаларынан оқуға болады. Саран Эфесский "De arte obstetrica" кітабында (98-138гг. н.э.), оны Римнің алғашқы педитарі деп есептейді, тістің жарып шығуы сұрақтары толық қарастырылған.

Тақырыптық жоспар

3.9.1 Аудиториялық сабақтардың тақырыптары

№	Тақырыптар	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Балалар терапиялық стоматологиясы пәні мен мазмұны. Балалар стоматологиясының даму тарихы. Даму кезеңдері	Балалар стоматологиясы-стоматологияның ең жас саласы және ғылым ретінде. Оның дамуы мен қалыптасуы. Стоматология мен жалпы медицинаның басқа салаларымен байланысы. Балалар стоматологиясының дамуына үлес қосқан тұлғалар .	4
2	Балалар терапиялық стоматологиясы педиатрияның бөлігі ретінде. Уақытша және тұрақты тістердің, жақ сүйектерінің құрылымы мен дамуы жас аспектісінде.	Балалар ағзасының анатомиялық физиологиялық ерекшеліктері. Уақытша және тұрақты тістердің, жақ сүйектерінің , өсіп келе жатқан ағзаның кейбір мүшелері мен жүйелерінің құрылымы және даму ерекшеліктері.	4
3	Негізгі стоматологиялық аурулардың алдын алу мәселелері. Стоматология балаларды диспансерлеу.	Балаларды тәрбиелеу мен оқытудың гигиеналық негіздері. 0-ден 15 жасқа дейінгі балалардың өсуі мен даму заңдылықтары. Физикалық даму, акселерация. Денсаулық топтарының сипаттамасы. Балаларды дұрыс тамақтандыру принциптері. Бала ағзасының иммунологиялық реактивтілігінің жас ерекшеліктері.	4

4	Стоматологиялық патологиясы бар баланы тексерудің қосымша әдістері.	Балалардың стоматологиялық ауруларының рентгеносемиотикасы. Балалардағы тіс-жақ жүйесін рентгенологиялық зерттеу. Клиникалық зерттеу әдістері. Тіс эмалінің төзімділігін анықтау. ТЭР тесті, әдістемесі.	4
5	Тіс кариесінің жіктелуі. Әр түрлі жас кезеңдеріндегі тіс кариесінің ерекшеліктері (2-4 жас, 4-7 жас, 7-10 жас, 10-14 жас және 14-16 жас).	Нәресте жасы 6-8 айға толғанда, оның жақсүйектері жаңа факторға-тістердің жарып шығуына дайындала бастайды. Жақтардың альвеолярлы өсінділеріндегі тіс бастамалары жақшілік даму этаптарынан өтіп, кейіннен дамып, қызылиекті жарып шығады. Уақытша тістем 3 даму периодынан тұрады: <ul style="list-style-type: none"> • Даму периоды(6 айдан-2-2,5 жасқа дейін) • Тұрақты уақытша тістем периоды(2,5-4 жас) • Кеш уақытша тістем (4-6 жас) 	4
6	Аралық бақылау 1 Балалар стоматологиясындағы жансыздандыру. Ауырсыну механизмдері.	Балалар стоматологиясындағы ауырсыну мәселелері. Стоматологиялық емханадағы балаларға жергілікті және жалпы жансыздандыру. Қолданбалы инфильтрациялық және өткізгіштік анестезия. Потенцирленген жергілікті анестезия. Премедикация. Жергілікті және жалпы қателіктер мен асқынулар.	4
7	Балалардағы тістердің қатты тіндерін егеудің ерекшеліктері. Балалардағы кариозды қуыстар мен тіс түбірлерін толтыру үшін қолданылатын пломбалық материалдарының негізгі физика-химиялық және биологиялық қасиеттері.	Стоматологиядағы тісті егеу туралы түсінік. Тісті егеу кезінде пайда болатын жағымсыз салдарлар, оларды жою әдістері. Тістің қатты тіндерін егеу принциптері. Балалар стоматологиясындағы тісті егеу техникасы. Баланың жасына байланысты пломбалық материалдарын таңдау. Педиатриялық тәжірибеде шыны иономерлік материалдарды қолдану ерекшеліктері. Тіс түбірінің даму кезеңіне байланысты түбір өзектерін обтурациялау материалын таңдау	4
8	Балалардағы әртүрлі кариозды емес тіс зақымдануларының клиникасы және диагностикасы. Балалар стоматологының емдік және профилактикалық іс-	Балалардағы кариозды емес тіс зақымдануларының жіктелуі. Гипоплазия, флюороз, тістердің қатты тіндерінің тұқым қуалайтын аурулары. Дамуы, этиологиясы, патогенезі, диф. Диагностикасы, емдеуі.	4

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
"ОҚМА" АҚ жанындағы медицина колледжінің «Стоматологиялық пәндер» кафедрасы		044-78/ 16 беттің ббегі
Силлабус		

	шараларын жүргізу тактикасы.		
9	Балалардың уақытша және тұрақты тістерінде кездесетін ұлпаның қабынуы . Жіктелуі, клиникалық көрінісі , диагностикасы, дифференциалды диагностикасы.	Тіс түбірі сорылуының түрлері. - Уақытша тістерде кездесетін ұлпа қабынуының жіктелуі. - Уақытша және тұрақты тістерде кездесетін ұлпа қабынуының клиникалық көріністерінің ерекшеліктері .	4
10	Қазіргі заманғы эндодонтиялық аспаптар. Жіктелуі, көрсеткіштері, қолдану техникасы. Балалар терапевтік стоматологиядағы эндодонтиялық араласулардың принциптері.	а) зерттеу немесе диагностикалық құралдар; б) канал аузын кеңейтуге арналған аспаптар; в) тамырды аралап, кеңейтуге арналған құралдар д) басқа топтар. - Түбір өзектерінде жұмыс істеу бойынша кеңестер. - түбір өзегін емдеуге арналған вибрациялық жүйелер. - каналдарды бітеу үшін қолданылатын аспаптар.	4
11	Периодонтиттер. Этиологиясы және патогенезі. Периодонтиттің жіктелуі.	Периодонтиттер. Этиологиясы және патогенезі. Периодонтиттің жіктелуі.	4
12	Аралық бақылау 2 Балаларда кездесетін ұлпа қабынуы мен периодонтитті емдеудің тиімділігі, Қателіктері мен асқынулары.	Пульпиттері мен периодонтиттері бар балаларды оңалту. Уақытша тіс периодонтиттерін консервативті емдеудің шегі.	4
Барлығы:			48

3.9.2 Симуляциялық сабақтардың тақырыптық жоспары

№	Тақырып атаулары	Қысқаша мазмұны	Сағат саны
1	Балалардың стоматологиялық күтімін ұйымдастыру. Стоматологиялық емхананың балалар стоматологиялық	Халыққа стоматологиялық көмек көрсетудің жалпы құрылымындағы балаларға стоматологиялық қызмет көрсету жүйесі. Балалар	4

	бөлімшесін (кабинетін) ұйымдастыру.	стоматологиясының көмек көрсетудің бірінші, екінші және үшінші деңгейлері.	
2	Балалар стоматологиялық тәжірибесінде науқасты тексеру принциптері. Балалар стоматологиясындағы деонтология және медициналық этика принциптері.	Сұрақ қою, тексеру, негізгі және қосымша зерттеу әдістері. Аллергоанамнез . Балалар стоматологиясындағы деонтология және медициналық этика принциптері.	4
3	Өртүрлі жас кезеңдеріндегі психоэмоционалды жағдай және баланы тексеру мен емдеуге дайындау.	Баланың психоэмоционалды жағдайы. Ата-аналардың психоэмоционалды жағдайы және мінез-құлқы. Баланың тіс емдеуге деген оң көзқарасын қалыптастыру. Психологиялық дайындық әдістері. Емдеу кезіндегі психологиялық әсер.	4
4	Рентгенограмманы оқу. Тіс жегісінің алдын алудың теориялық негіздері. Ерте жастағы балалардағы тіс жегісінің қауіп факторларының рөлі.	Балалар тіс ауруларының рентгендік семиотикасы. Жалпы, жергілікті, эндогенді, экзогендік профилактика. Кариестің таралуы мен қарқындылығының көрсеткіштері. Ауыз қуысының гигиеналық көрсеткіштері.	4
5	Ауыз қуысының қорғаныс механизмдері. Тіс жегісі диагностикасы. Диф. диагностика әдістері.	Ауыз қуысының қорғаныс механизмдері. Тіс кариесінің диагностикасы. Зертханалық диагностика әдістері.	4
6	Уақытша тістерде кездесетін тіс жегінің ағымы мен ерекшеліктеріне байланысты емдеу әдісі мен тактикасын таңдау.	Балалардағы сүт тістерінің жедел (жеделдеу) тіс жегісінің клиникалық ағымының жалпы ерекшеліктері. Сүт тістеріндегі созылмалы тіс жегінің клиникалық ағымының жалпы ерекшеліктері. Түбір түзілу кезеңінде, қалыптасқан түбір сатысында (4-6 жас) уақытша тістердің кариесінің клиникалық ағымының ерекшеліктері: тұрақты тістердің қалыптасу кезеңінде.	4
7	Виноградова бойынша кариестің жіктелуі. Уақытша және тұрақты тістердің реминерализациялық терапиясы. Фисуралардың жетілуі. Емханада көмек көрсету.	I дәрежелі (компенсирленген) түрі II дәреже (субкомпенсирленген) III дәрежелі (декомпенсирленген) түрі. Құрамында фторид бар препараттарды қолдану. Инвазивті емес және инвазивті әдістер.	4

8	Тіс жарып шыққаннан кейін дамитын қатты тіс тіндерінің тіс жегі емес ақауларын (уақытша және тұрақты) жергілікті және жалпы емдеу әдістері.	Тістердің эрозиясы. Қатты тіс тіндерінің дамуының дәрілік және токсикалық бұзылыстары. Тістің травматикалық жарақаттары. Классификация. Клиника. Этиология. Патогенез. Диф. диагностика. Емдеу.	4
9	Балалардағы тіс түбірінің даму сатысына байланысты уақытша және тұрақты тістерде кездесетін ұлпаның қабыну түріне байланысты емдеу әдісін таңдау. Көрсеткіштері, орындау әдістері, тиімділігін бақылау, болжам жасау.	Уақытша және тұрақты тістердің пульпитін емдеу ерекшеліктері балаларда тістің даму кезеңіне байланысты. - уақытша және тұрақты тістердегі уақытша пульпитті емдеудегі қателіктер мен асқынулар.	4
10	Балалардағы уақытша және тұрақты тістердің түбір өзегін толтыру. Түбірлік пломбалық материалдар. Қолдану көрсеткіштері мен техникасы. Емханада көмек көрсету.	-Түбір өзектерін толтыру үшін қолданылатын материалдарға қойылатын талаптар. -Түбір өзектеріне арналған пломбалық материалдарының түрлері. -Түбір өзегін толтырудың жалпы кезеңдері. -Түбір өзектерін пломбалау әдістері. -Баланың жасына және тіс түбірінің қалыптасуына байланысты түбір өзектерін пломбалау әдісін таңдау. -Түрлі әдістер арқылы тіс түбірін пломбалау алгоритмдері.	4
11	Периодонттің клиникалық белгілері және дифференциалды диагностикасы. Емханада көмек көрсету.	Балалардағы тұрақты және уақытша тістердің жедел периодонтиті. Балалардағы тұрақты және уақытша тістердің созылмалы периодонтиті - Созылмалы грануляциялық остеит. - Балалардағы түбірлердің толық өспейтін тұрақты тістердің созылмалы периодонтиті. Клиникасы, диагностикасы. Балалардағы тұрақты тістердегі созылмалы периодонтиттің өршуі.	4
12	Пульпит пен периодонтиттің рентгендік сипаттамасы. Қателіктер мен асқынулар. Емханада көмек көрсету.	Рентгенограммалар мен панорамалық фотосуреттерді оқу. Қателіктер мен асқынуларды емдеу және алдын алу.	4
Барлығы:			48

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
"ОҚМА" АҚ жанындағы медицина колледжінің «Стоматологиялық пәндер» кафедрасы		044-78/ 16 бетің 9беті
Силлабус		

3.10. Негізгі әдебиеттер.

1. Стоматология детского возраста - Персин, Елизарова, Дьякова
2. Атлас по стоматологическим заболеваниям у детей - Виноградова Т.Ф
3. Балалардың Терапиялық стоматологиясы – Л.П. Кисельникова, С.Ю. Страхова

Қосымша әдебиеттер.

1. Стоматология детского возраста - Виноградова
2. Терапевтическая стоматология детского возраста- Курякина Н.В
3. Детская терапевтическая стоматология Куцевляк В.И.

Интернет-ресурс

1. ОҚМА репозиторийі <http://lib.ukma.kz/repository/>
2. Республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхана <http://rmebrk.kz/>
3. Студент кеңесшісі <http://www.studmedlib.ru/>
4. Қазақстанның ашық университеті <https://openu.kz/kz>
5. Заң (анықтамалық-ақпараттық сектордағы қолжетімділік) <https://zan.kz/ru>
6. Параграф <https://online.zakon.kz/Medicine/>
7. Ғылыми Электронды кітапхана <https://elibrary.ru/>
8. Ашық кітапхана <https://kitap.kz/>
9. Thomson Reuters (Web of science) www.webofknowledge.com
10. ScienceDirect <http://www.sciencedirect.com/>
11. Scopus <https://www.scopus.com/>

3.11. Оқыту және оқыту әдістері

Аудиториялық сабақтар: шолу

Симуляциялық сабақ: ауызша сауалнама, шағын топтарда жұмыс істеу

3.12. Білімді бағалау критерийлері мен ережелері:

Бағалау	Бақылау әдістерінің сипаттамасы (кейс, жоба, модельдерді талдау, презентация, тест)	Вес
ТК 1 (ТК а (дәрістер, семинарлар)): жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық пікірталастарға қатысу	Бақылау әдістерінің сипаттамасы (кейс, жоба, модельдерді талдау, презентация, тест) 3 талдауға арналған тапсырмалар - бақылау сұрақтары - тапсырмалар - тест тапсырмалары	15%
ТК 2 (ТК с (модельдеу)): симуляциялық курстарға қатысу, практикалық дағдыларды жалғыз және топтық орындауға қатысу	Практикалық дағдыларды көрсету және құзыреттілікті орындауды талқылау; Талқыланған мәселелер бойынша дәлелді презентациялар.	15%
Аралық бақылау	Курс бойынша тест тапсырмалары.	15%
Емтиханға қабылдау рейтингі		X60%
Қорытынды емтихан	Пән бойынша билеттер мен тест сұрақтары (100 сұрақ): теориялық сұрақтар, сұрақтар және ситуациялық тапсырмалар	X40%
Курс бойынша қорытынды баға		0-100

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»
"ОҚМА" АҚ жанындағы медицина колледжінің «Стоматологиялық пәндер» кафедрасы		044-78/ 16 бетің 10беті
Силлабус		

Қосымша 1.

3.12.1 Пәнді оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері

Толықтыру және өзгерту

№ ОН	Оқыту нәтижелерінің атауы	Қанағаттанарлықсыз	Қанағаттанарлық	Жақсы	Өте жақсы
ОН1	Қазақстан Республикасындағы денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің қызметін айқындайтын нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді білуін және стоматологиялық емханалар мен клиникаларда ағымдағы дәрігерлік медициналық және есепке алу-есеп құжаттамасын жүргізуді оқытуды көрсетеді	стоматологиялық емханаларда нормативтік құқықтық және құқықтық актілерді және есепке алу-есеп құжаттамасын білмейді	стоматологиялық емханалар мен клиникалардағы нормативтік құқықтық актілер мен құжаттамаларды сипаттайды, бірақ студент дұрыс емес жауаптар беріп, қателіктер жіберді	стоматологиялық емханалар мен клиникаларда нормативтік құқықтық және құқықтық актілер мен құжаттамалар туралы білімдерін қолданады, елеусіз қателіктер жібереді	стоматологиялық емханалар мен клиникалардағы барлық нормативтік құқықтық және құқықтық актілер мен құжаттамаларды, сондай-ақ дәрігерлік есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізуді сипаттайды
ОН2	Денсаулық сақтау заңнамасында көзделген инфекциялық ауру анықталған кезде медициналық құжаттаманың және қажетті эпидемияға қарсы іс-шаралардың ресімделуін көрсетеді	инфекциялық аурулардың түрлерін білмейді және эпидемиологиялық жағдай туындалғанда қолданылатын іс-шаралар мен құжаттар жайында түсінік жоқ	Денсаулық сақтау заңында қарастырылған инфекциялық аурулар анықталған жағдайда жүргізілетін іс-шараларды біледі, бірақ медициналық құжаттарды толтыра алмайды	эпидемиологияға қарсы іс-шараларды біледі, медициналық құжаттрады барысында қателіктер жіберді	эпидемиологияға қарсы іс-шараларды біледі, медициналық құжаттрады толық толтырды

ОН3	Ауруханалық-емханалық мекемелердің жұмысында ұйымдастырушылық медициналық көмек, балалар мен ересектерге шұғыл көмек көрсету жұмыстарын ұйымдастырады;	балалар мен ересектерге жедел жәрдем ұйымдастырушылық жұмысының кезеңдерін сипаттамайды	жұмыстағы ұйымдастырушылық медициналық көмекті сипаттайды, бірақ студент дұрыс емес жауаптар беріп, қателіктер жіберді	жедел жәрдем алгоритмін түсіндіреді және модельде көрсетті және кішігірім қателіктер жібереді	Балалар мен ересектерге арналған жедел медициналық көмек пен барлық манипуляцияларды сипаттайды
ОН4	Медициналық этика және деонтология бойынша коммуникативтік және практикалық дағдыларды жетілдіру қағидаттарын сақтайды;	медициналық персоналмен және пациентпен этика және деонтология принципі туралы толық түсінік берген жоқ	медициналық персонал мен пациенттің медициналық этика принциптерін сипаттады, бірақ студент дұрыс емес жауаптар беріп, қателіктер жіберді	медициналық персоналмен және пациентпен медициналық этика мен деонтология дағы негізгі міндеттерді сипаттады және кішігірім қателіктер жібереді	медициналық этика мен деонтологияның толық сипаттамасын берді, сонымен қатар медициналық этикадағы принциптер, дәрігер мен пациенттің қарым-қатынасының аспектілері, әдебиеттерді қолдану және ғылыми жетістіктерге сілтеме

					жасау
ОН5	Тексерудің негізгі және қосымша стоматологиялық әдістерін, аурудың жалпы және ерекше белгілерін анықтауды, тексерудің қажетті аспаптық және зертханалық әдістерін тағайындауды жүргізеді;	тексерудің негізгі және қосымша әдістерін, стоматологиялық науқастарды білмейді және науқасты тексеруге арналған негізгі стоматологиялық құралдарды көрсете алмайды	стоматологиялық ауруларды қолданылатын негізгі және қосымша әдістерді біледі, бірақ олады жүрзізу тәсілдерін көрсете алмайды	стоматологи ялық ауруларды қолданылатын негізгі және қосымша әдістерді біледі, аурулардың симптомдарын ескеріп отырып анықтай алады, бірақ тексеру әдістерін жүргізу барысында аз қателік жіберді	стоматологиялық ауруларды қолданылатын негізгі және қосымша әдістерді біледі, аурулардың симптомдарын ескеріп отырып анықтай алады, толық тексеру әдістерін көрсетті
ОН6	Балалар мен ересектердегі стоматологиялық аурулардың дифференциалды диагностикасы туралы білімді көрсетеді;	балалар мен ересектердің стоматологиялық аурулардың негізгі симптомтарын білмейді, сондықтан дифференциалды диагностика жүргізе алмайды	балалар мен ересектердің стоматологиялық аурулардың негізгі симптомтарын толық білмейді, нәтижесінде салыстырмалы дифференциалды диагностикасында дүрекелі қателіктерді жіберді	барлық стоматологиялық аурулардың негізгі симптомдарын біледі, бірақ дифференциалды диагностикасында қателік жіберді	барлық стоматологиялық аурулардың негізгі симптомдарын біледі, дифференциалды диагностикасын дұрыс айтты
ОН7	Стоматологиядағы заманауи технологиялар мен жабдықтарды пайдалана отырып, кең таралған	стоматологиялық аурулардың диагностикасы мен емін білмейді және жүргізілетін	кең тараған стоматологиялық аурулардың барлық	кең тараған стоматологиялық аурулардың барлық	кең тараған стоматологиялық аурулардың

	<p>стоматологиялық ауруларды (тіс кариесі, кариозды емес тіс аурулары, пародонт ауруы, ауыз қуысының шырышты қабығының аурулары, тіс-жақ ауытқулары, тістердің, тіс қатарлары мен жақтардың ақаулары мен деформациялары және т. б.) диагностикалау және емдеу дағдылары мен дағдыларын көрсетеді;</p>	<p>дағдыларды көрсете алмайды</p>	<p>түрлерін, жектелуін, симптомдарын, дифференциалды диагностикасы мен емін толық білмейді</p>	<p>түрлерін, жектелуін, симптомдарын, дифференциалды диагностикасы біледі, бірақ заманауи стоматологиялық технологияларды қолдану арқылы емдеуде қателік жіберді</p>	<p>ың барлық түрлерін, жектелуін, симптомдарын, дифференциалды диагностикасы біледі және заманауи стоматологиялық технологиялармен емдеу әдісін көрсетті</p>
<p>ОН8</p>	<p>Тіс аурулары мен пародонт ауруларының дамуын және стоматологиялық аурулардың дамуындағы тұқым қуалайтын факторлардың алдын алуда ауыз қуысының гигиенасы әдістері мен құралдары туралы білімдерін көрсетеді</p>	<p>пародонт ауруларының алдын алатын іс-шараларды және жүргізу әдістерді білмейді</p>	<p>стоматологиялық аурулардың дамуында ролін атқаратын тұқым қуалаушылық факторларды біледі, бірақ ауыз қуысының гигиенасын сақтауға арналған заттармен қолдану әдістерін көрсете алмайды</p>	<p>стоматологиялық аурулардың дамуына әсер ететін тұқым қуалаушылық факторлардың ролін біледі, түсіндіре алады, пародонт аурулардың алдын-алуға арналған заттарды сиппатай алады, бірақ ауыз қуысының кәсіби тазалау дағдырын көрсеткенде аз</p>	<p>стоматологиялық аурулардың дамуына әсер ететін тұқым қуалаушылық факторлардың ролін біледі, түсіндіре алады, пародонт аурулардың алдын-алуға арналған заттарды сиппатай алады, ауыз қуысының</p>

ОН9	Хирургиялық ауруларды емдеудің заманауи әдістері туралы және жақ-бет аймағының ауытқулары мен деформациялары туралы терең білімді қолданады;	бет-жақ аймағының аномалиялардың деформациялары н негізінде қолданылатын замануи хирургиялық емдеу әдістерін білмейді	хирургиялық аурулары мен бет-жақ аймағының аномалиямен деформациясын шаттастырып және емдеу әдістерін түсіндіре алмайды	қателіктер жіберді	ң кәсіби тазалау дағдырын көрсетті
				хирургиялық аурулары мен деформацияларын негізінде қолданылатын әдістерді біледі, бірақ дағдырларды көрсету барысында қателіктер жіберді	хирургиялық аурулары мен деформацияларын негізінде қолданылатын әдістерді біледі, дағдырларын көрсетті

Аттестаттау

Рейтинг шкаласы.

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық эквивалент	Балдар (%мазмұны)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	
Бағалау критерийлері	Өте жақсы «A»: Студент облыста толық жауап береді Жақсы «B+» - «C+»: Студент саладағы білімін көрсетеді Қанағаттанарлық «C» - «D»: студент саласында білімі бар Қанағаттанарлықсыз «F»: студенттің осы салада кейбір түсініктері бар		

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
"ОҚМА" АҚ жанындағы медицина колледжінің «Стоматологиялық пәндер» кафедрасы		044-78/
Силлабус		16 беттің 15беті

Пәннің қорытынды бағасы келесі форматта ресми тізімге енгізілген бақылау түріне байланысты автоматты түрде есептеледі:

- **Қорытынды баға** = (АВ (Аудитория, семинарлар) АВ модельдеу АВ (уақытша бақылау) SI) = 60% АР (төзімділік рейтингі) x 60%
- Емтихан (жеке): қорытынды тест
- Оларды іске асыру жөніндегі Нұсқаулық:
- Сабақ барысында ұсынылған таратылатын материалдарды оқып, қайталаңыз (дәрістер, семинарлар)

Бағалау критерийлері:

- Қорытынды тест: бұл курстың білімі мен түсінігін тексеруге арналған.
- Тест 50-ден 100-ге дейін сұрақтан өтеді, әр дұрыс жауап 1 баллдан тұрады.

Тапсыру мерзімі

- Тапсырманың болжамды мерзімі: курсты аяқтағаннан кейін екі апта. Кідіріс жағдайында төмендету коэффициенті қолданылады: мысалы, 0,75 - 0,9.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

"ОҚМА" АҚ жанындағы медицина колледжінің «Стоматологиялық пәндер» кафедрасы

044-78/

Силлабус

16 беттің 16беті

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

"ОҚМА" АҚ жанындағы медицина колледжінің «Стоматологиялық пәндер» кафедрасы

044-78/

Силлабус

16 беттің 17беті